

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Жақсыбайкөл негізгі мектебінің
2024-2025 оқу жылындағы волейбол үйірмесінің жұмысына талдау

Мектеп атауы: «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» КММ

Жетекшісінің аты-жөні: Сатығалиев Куаныш Айсиевич

Білімі: Жоғары

Мамандығы: Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Еңбек өтілі: 1 жылдық үйірме бойынша

Жылдық жүктемесі: 0,5

I Үйірменің мақсаты:

1. Мектеп оқушыларын волейбол ойынына үйрету, ынталандыру;
2. Оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру арқылы бір-біріне деген қарым-қатынасын жақсарту;
3. Психологиялық және физикалық күш қабілеттерін дайындау және нығайту;

II Үйірменің міндеттері:

1. Аудандық және облыстық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болу;
2. Оқушыларды үлкен жарыстарға дайындау, облыстық, республикалық жарыстарға шығару;

III Күтілетін нәтиже:

1. Әртүрлі жарыс, сайыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Мектептің, Ауданның, Облыстың намысын қорғау;
2. Оқушылардың физикалық қасиеттерінің дамуы;
3. Оқушылардың дене дамуы, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерінің дамуы;
4. Салауатты өмір салтын қалыптастыруы;
5. Оқушылардың арнайы спорттық қимыл дағдыларын меңгеруі;
6. Қимыл қозғалыс әрекеттерінің орындауды жақсартуы;

7. Өзінің және өзгелердің біліктілігін бағалауы;
8. Көшбасшылық және командамен жұмыс істей білуі;
9. Таза ойнау және спортқа тән мінез-құлық көрсетуді жетілдіруі.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде «Волейбол» үйірмесінің 2024-2025 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары жасалды. Жыл басында үйірмеге 26 оқушы қатысуға ынта білдірді. Үйірмеге қатысушылардың жастарының ерекшелігіне сай оқушыларды 2 топқа бөлінді және жоспары құрылды. Үйірме оқушылары мектепішілік, аудандық жарыстарға белсенді қатысуда. 2009-2010 ж. т. қыздар арасында аудандық біріншілікке қатынасып 3-орынмен марапатталды. «Үздік ойыншы» атағымен Қуанышқызы М. марапатталды. Аймақтық ауыл аралық жарыста 2-орынмен марапатталды. Сонымен қатар биылғы оқу жылында Аудандық мектеп оқушылары арасында «Шұбар доп» волейболдан өткен Ұлттық мектеп лигасында 9-10 кластар арасында жарысқа қатынасты. Мектепішілік жарыстарда 1-орын-8-9 сынып, 2-орын- 7 сынып, 3-орын 5-6 сынып марапатталды.

Аудандық біріншілік 3-орын.

«Үздік ойыншы» Қуанышқызы М.



Аймақтық ауыл аралық жарысы 2- орын



Қорытынды: Волейбол үйірмесі арқылы оқушылардың спортқа деген қызығушылығы артты. Алдағы оқу жылында оқушыларымыз жоғары белестерді бағындыратына сенемін.